

Көкшетау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы №С-19/10 "Көкшетау қаласындағы автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 18 тамыздағы № С-20/6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 тамызда № 29254 болып тіркелді

ШЕШТІ:

1. Көкшетау қалалық мәслихатының "Көкшетау қаласында автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы" 2018 жылғы 20 наурыздағы № С-19/10 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6523 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 – қосымшасы, осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 2 – қосымшасы, осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көкшетау қалалық
мәслихатының хатшысы*

Р.Калишев

2022 жылғы 18 тамыздағы
№ С-20/6 Шешіміне
1 қосымша
Көкшетау қалалық мәслихатының
2018 жылғы 20 наурыздағы
№ С-19/10 шешіміне
1 қосымша

Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

№ р/с	Автотұрақтар (паркингтер)	Санаттар
1	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	1 санат
2	Жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	2 санат

Көкшетау қалалық мәслихатының
2022 жылғы 18 тамыздағы

№ С-20/6 шешіміне
2 қосымша
Көкшетау қалалық мәслихатының
2018 жылғы 20 наурыздағы
№ С-19/10 шешіміне
2 қосымша

Көкшетау қаласында автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту

№ р/с	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Базалық мөлшерлемелерінің ұлғайтуы
1	1 санат	он есеге
2	2 санат	он есеге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК